

**Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" N 110/3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 36/2 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 28 ақпанда N 3082 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі N 245/7 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2014 N 245/7 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" N 110/3 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Мүгедектерге санаторлық-курорттық емделу жөніндегі жеңілдіктер, әлеуметтік төлемдер беру тәртібі туралы нұсқаулығында:

4-тармағының 2-тармақшасындағы:

"89675" және "44310" деген сандар тиісінше "95056" және "46969" деген сандармен ауыстырылсын;

"кейіннен тұтыну бағалар индексін пайдаланумен" деген сөздермен толықтырылсын;

5 - тармағының :

2-тармақшасы "азаматтарды тіркеу кітабы (көшірме)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақшасы "азаматтарды тіркеу кітабы (көшірме), Бірыңғай ұлттық тестілеу сертификатының көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын;

осы қаулымен бекітілген Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқаулығының :

14-тармағының 6-тармақшасында "тоқсан сайын" деген сөздер алынып тасталсын.

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК